Мұнайлы өлке
Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады
www.mmg.kz
"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті
№09 (72), қазан, 2015 жыл

# ПРОВЕРКА НА ПРОЧНОСТЬ

**Мировой экономический кризис стал для многих компаний не только проверкой их финансовой устойчивости, но и проверкой серьезности, продуманности и оптимальности производственных и социальных программ. С какими рисками пришлось столкнуться АО «Мангистаумунайгаз», каковы перспективы развития компании в этот непростой период, об этом и многом другом нам рассказали Генеральный директор г-н Сунь Синъюнь и первый заместитель Генерального директора г-н Иманбаев Бакыт Алтаевич.**

**- Итак, какими вам видятся перспективы развития АО «Мангистаумунайгаз»?**

- Стратегические приоритеты, определенные для компании «Мангистаумунайгаз», заключаются в обеспечении «здорового» финансового положения, внедрении инновационных технологий, эффективной разработке действующих месторождений, систематическом и целенаправленном обучении специалистов компании, а также в закреплении статуса «эталона» в области соблюдения действующего законодательства.

Также мы придаем большое значение вопросам, связанным с увеличением ресурсной базы за счет новых контрактных территорий и увеличением объемов добычи в перспективе. Именно в поддержку данных целей в нашей компании были созданы такие структурные подразделения как Департамент по разведке и приобретению активов и Департамент по новым технологиям.

Наша компания является одним из наиболее крупных гарантов развития региона и Республики Казахстан в целом.

Мы решаем множество социальных вопросов, связанных с обеспечением трудоустройства наших граждан, социальным и культурным развитием региона.

На АО «Мангистаумунайгаз» возложены значительные ожидания не только со стороны Акционеров, а и государства, наших сотрудников и членов их семей, населения всего региона.

В рамках стратегии развития Общества, наши усилия будут концентрироваться на реализации комплекса проектов, направленных на внедрение новых технологий по увеличению нефтеотдачи пластов и КИН, росту МРП оборудования, внедрение энергосберегающих технологий.

Также мы для себя на текущий момент определили одной из наиболее важных задач внедрение раздельного учета. Это уже дает свои результаты при проведении детального анализа рентабельности текущей деятельности. Таким образом, удается выявлять резервы повышения эффективности нашей компании.

Однако, мы не останавливаемся на достигнутом. Впереди нас ожидает еще множество вызовов, но я верю, что нашей команде удастся обеспечить стабильное развитие компании «Мангистаумунайгаз».

**- Вот уже второй год цены на нефть показывают беспрецедентное снижение, какие меры предпринимаются, чтобы минимизировать потери в этот непростой период?**

- Понятно, что снижение цен на нефть серьезно сказалось на работе нефтедобывающих компаний. Но ни руководство АО «Мангистаумунайгаз», ни наши акционеры в лице АО «НК «КазМунайГаз» и «CNPC» не сидят сложа руки надеясь, что цены на «черное золото» вернутся к прежним позициям. Мы ведем активную работу, разрабатываем и внедряем новые программы, принимаем соответствующие меры исходя из реалий сегодняшнего дня.

Как уже было сказано выше, одной из наиболее важных задач является внедрение раздельного учета. Насколько эффективно используются активы АО «Мангистаумунайгаз», сколько нефти добывается на каждой конкретной скважине и каковы затраты (как прямые, так и косвенные) на ее эксплуатацию, какова ликвидность месторождений – эту и другую информацию теперь можно оперативно получать, обобщать и анализировать благодаря внедрению в компании методики раздельного учета. В частности, в отчете о прибылях и убытках можно видеть не только показатели всего предприятия или его отдельных подразделений, но и подробные расшифровки по каждому производственному активу. Таким образом, раздельный учет представляет собой систему сбора и обобщения данных о доходах, затратах и задействованных активах раздельно по каждому виду услуг и в целом по иной деятельности.



Кроме того, начаты работы по формированию проекта Программы оптимизации затрат на 2016-2020 годы. Оптимизация затрат и возможность управления затратами являются важнейшими факторами поддержания конкурентоспособности и эффективности Общества.

Задачей Программы на 2016-2020 годы будет реализация амбициозных мероприятий и мер, направленных на улучшение финансово-экономических показателей Общества через оптимизацию затрат. В разработке Программы будут задействованы все структурные подразделения Общества.

Программа предполагает построение эффективной системы оптимизации и управления затратами, на основании планирования и выполнения комплекса организационных и производственно-технических мероприятий.

**- Спасибо за подробный ответ. Тем не менее, в условиях падения цен на нефть, Вам пришлось как-то серьезно корректировать производственный процесс, например, снизить объемы добычи нефти?**

- В прошлом году при плане 6 млн. 151 тыс. тонн, добыто 6 млн. 273 тыс. тонн нефти (перевыполнение составило 122 тыс. тонны).

В 2015 году при плане 6 млн. 250 тыс. тонн, мы ожидаем добычу на уровне 6 млн. 275 тыс. тонн. На текущий момент при плане 4153,88 тыс. тонн, фактически добыто 4163, 00 тыс. тонн. Эти цифры говорят сами за себя. Хотя, конечно, есть и проблемные моменты, по некоторым производственным показателям мы где-то отстаем от графика, где-то проводимые мероприятия не вполне оправдывают наши ожидания. Но в целом, производственный процесс идет стабильно, без эксцессов.

Более того, несмотря ни на что компания довольно успешно продолжает работы по внедрению новых технологий и инноваций. Уже неоднократно говорил, повторюсь еще раз: в сентябре прошлого года на месторождении Каламкас по французской технологии начата закачка полимера на участке нагнетательных скважин №2041,2049. Фактическая дополнительная добыча нефти за 2014 год составляет 1341,2 тонн, дополнительная добыча нефти за 2015 год по состоянию на 01.09.2015 года составляет 8 776 тонн, с начала ОПИ 10 117,2 тонн, среднесуточный прирост на 1 скв. 1,45 тонн.

В марте текущего года начата закачка полимера по китайской технологии на участке добывающей скважины №1580 на месторождении Каламкас. Дополнительная добыча нефти с начала ОПИ по состоянию на 01.09.2015 года составила 6 460,9 тонн, среднесуточный прирост на 1 скв. 4,86 тонн.

Еще один важный пример – это Газотурбинная электростанция на месторождении Каламкас (ГТЭС). Благодаря вводу в эксплуатацию в 2014 году ГТЭС сэкономлены затраты на покупку и транспортировку электроэнергии для нашей компании в размере 2 млрд. 631 млн. тенге!

В прошлом году, после разработки проекта, начаты работы по спуску дополнительной колонны меньшего диаметра на скважинах с многочисленными нарушениями эксплуатационной колонны.

С начала текущего года капитальные ремонты скважин со спуском дополнительной колонны меньшего диаметра (102 мм, 114 мм) проводились на восьми нагнетательных и одной добывающей скважине месторождения Каламкас. В ходе анализа эффективности работ по пяти нагнетательным и одной добывающей скважине выяснилось, что дополнительная добыча нефти по ним составила 1 646,2 тн. и 221,6 тн. соответственно.

Если же брать обобщенные данные за 2014-2015 год, то дополнительная добыча по 23 нагнетательным скважинам составила – 6625,2 тн., по трем добывающим скважинам за аналогичный период – 5649,3 тонн нефти.

По результатам анализа специалисты считают, что спуск дополнительной колонны меньшего диаметра более эффективен и целесообразен, чем проведение РИР или бурение дублирующей скважины. Например, средние затраты на работы по спуску дополнительной колонны меньшего диаметра на 1 скважину составили – 40 957,312 тыс. тенге, что в 3,5 раза меньше затрат на строительство новой скважины (143 852, 990 тыс. тенге).

Пользуясь случаем, хочется отметить, что за всеми этими цифрами, показателями, отчетами стоит колоссальный труд людей, наших коллег. Стабильность – залог успеха. И то, что в этот непростой период наша компания показывает стабильные результаты – это заслуга всего коллектива АО «Мангистаумунайгаз»!

**- Хорошо, а насколько сильно кризис сказался на социальной политике АО «Мангистаумунайгаз»?**

- С начала текущего года работникам АО «Мангистаумунайгаз» оказана материальная помощь на сумму свыше 243 млн. тенге, из них на 67 млн. тенге оказана помощь нашим неработающим пенсионерам. Свыше 1700 детей наших работников летом отдохнули в оздоровительных лагерях Казахстана и России. Более того, компания не проводила сокращения персонала, снижения зарплат или квартальных премий. Несмотря ни на что мы выполняем все свои обязательства в рамках Коллективного договора.

Хочу также добавить, что за последние пять лет на социально-экономическое развитие области АО «Мангистаумунайгаз» выделил свыше 8 млрд. 245 млн. тенге. За счет средств нефтяников были построены спортивные школы и площадки, капитально отремонтированы социально-культурные объекты, построены новые дороги, отреставрированы исторические памятники культуры, всего и не перечислить…

В 2014 году в государственный бюджет уплачено налогов на сумму 304 млрд. тенге, а всего же за последние пять лет - более 1 трлн. 200 млрд. тенге!

Социальная ответственность является одним из важных направлений Стратегии развития компании.

**- И последний вопрос: как известно недавно Казахстан вступил во Всемирную торговую организацию, еще раньше мы стали полноправным членом Евразийского экономического союза, что подразумевает собой свободный доступ товаров, работ и услуг. Как компания в этих условиях, исполняет обязательства по поддержке отечественного товаропроизводителя?**

- АО «Мангистаумунайгаз» незыблемо следует взятому Правительством РК курсу, направленному на поддержку отечественного товаропроизводителя и развитию казахстанского содержания. Компания полностью выполняет взятые на себя контрактные обязательства по казахстанскому содержанию в товарах, работах и услугах.

В 2015 году мы ожидаем закуп казахстанских товаров, работ и услуг на уровне 35, 70 и 90 процентов соответственно.

Большую поддержку мы оказываем и местным аграриям. Например, в текущем году мы подписали Меморандум с местными сельхозпроизводителями на сумму 547 млн. тенге. Таким образом, мясную и молочную продукцию мы закупаем у мангистауских фермеров. Согласитесь в это непростое время это неплохое подспорье для крестьян, которые теперь имеют гарантированный рынок сбыта.

**- Г-н Сунь Сунъюнь, г-н Иманбаев большое спасибо за интервью, желаем дальнейшего процветания компании!**

**Е.Султанов**

*Будни компании*

# ОРИЕНТИР – СТАБИЛЬНОСТЬ

2-3 сентября на месторождениях Каламкас, Жетыбай состоялись очередные производственные планерки, в которых приняли участие и.о. генерального директора Чжан Сюевень, первый заместитель генерального директора Бакыт Иманбаев, заместители генерального директора, руководители департаментов, структурных подразделений, а также руководители сервисных компаний.

Начальник ПУ «Каламкасмунайгаз» Цзун Шоуго информировал собравшихся о ходе выполнения протокольных поручений руководства, об основных технико-экономических показателях за август месяц этого года. На планерке, также были затронуты вопросы состояния охраны труда, техники безопасности, охраны окружающей среды, пожарной безопасности на объектах месторождения, заслушана информация о правонарушениях на территории ПУ «Каламкасмунайгаз» и о ходе выполнения плана по капитальному ремонту и строительству объектов на месторождении.

3 сентября и.о. начальника ПУ «Жетыбаймунайгаз» К.Буркитов зачитал отчет о работе за август текущего года, о ходе выполнения основных технико-экономических показателей за август 2015 года. В отчете он дал подробную информацию о состоянии добычи и сдачи нефти, работе системы ППД и работах по ОПЗ скважин, кроме того он проинформировал руководство о состоянии фонда скважин и проводимых ГТМ на скважинах, а также доложил о предстоящих задачах на сентябрь месяц. На планерке в ПУ «Жетыбаймунайгаз» также были затронуты вопросы состояния охраны труда, техники безопасности, охраны окружающей среды, пожарной безопасности, о правонарушениях и о ходе выполнения плана по капитальному ремонту и строительству объектов.

По итогам плановых совещаний руководством был дан ряд конкретных производственных поручений, направленных на обеспечение стабильного функционирования производства на месторождениях.

**С. Галидуллин**

# «Молодежь. Наука. Инновации»!




В рамках юбилейного X Евразийского форума KAZENERGY, который прошел во дворце независимости в городе Астана с 29 сентября по 1 октября 2015 года состоялся VIII Молодежный форум KAZENERGY под лозунгом «Молодежь. Наука. Инновации». Программа форума включала в себя конкурс разработчиков инновационных проектов «Innovation Man», научно-практическую конференцию по внедрению инновационных идей в нефтегазовую и энергетическую отрасль, встречу с высокопоставленными чиновниками государственного аппарата и руководителями крупных международных нефтегазовых предприятий, мастер-классы молодых успешных казахстанцев. Кроме того в рамках форума состоялась традиционная встреча стипендиатов KAZENERGY и образовательной программы им С. Утебаева и присуждение наград спонсорам образовательных программ за сотрудничество и поддержку талантливой молодежи. В числе таких спонсоров есть и наша компания – АО «Мангистаумунайгаз», которая была награждена памятным сувениром как «серебряный» спонсор образовательной программы им С. Утебаева. На церемонии вручения от имени Общества приняли участие директор департамента по связям с общественность Хэ Инь и ведущий специалист департамента по связям с общественность Гани Абдисадыков.

**Г.Абдисадык**

# УӘДЕ ОРЫНДАЛҒАН КҮН



Бұған дейін де айтқан болатынбыз, Қоғам жанынан құрылған жас мамандар Кеңесінің жүзеге асырып келе жатырған бірнеше тұрақты шарасы бар, солардың бірі – «Үлкенге құрмет – жасқа міндет» атты қайырымдылық-қамқорлық шарасы. Мақсаты - мекеме зейнеткерлері қатарында тұрған әлеуметтік жағдайы төмен қарияларымызды қамқорлыққа алып, шама-шарқымыз жеткенше кемін толтырып, кетігін жамау.

Жыл басында осы игі шараны Ұлы Жеңістің 70 жылдығымен ұштастыру мақсатында, кезінде Компания қатарында еңбек еткен Ұлы Отан Соғысы ардагерлерін басты назарға алған болатынбыз. Компания зейнеткерлерінің қатарында жеті ҰОС ардагері бар болатын, олар: I және II дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Ту» ордендерінің иегері Өтеген Өзденбаев; I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, сондай ақ «Ерлігі үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» т.б. медальдермен марапатталған Қайыр Қыдырбаев; II дәрежелі «Отан соғысы», «Ерен еңбегі үшін» т.б. төс белгілерінің иегері, әуе армиясының «бомбалаушысы» болған Қамқа Үмбеталина; I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, сондай ақ «Ерлігі үшін» төс белгісімен марапатталған Виктор Нечаев, Шарқатбай Қалыбаев, Екатерина Семакина және «полк баласы» атағына ие болған Николай Скороход. Бүгінгі мақаламыздың арқауы осы «полк баласы», балалығына қарамастан жеңістің жақындауына өзінше үлес қосқан Николай Григорьевич Скороход деген азамат болғалы тұр.

Николай Григорьевич Скороход Украина Республикасы Луганск өңірінің тумасы, 1935 жылы дүниеге келген. Балалық шағы Луганск облысына қарасты шағын қыстықта өткен, соғыс қимылдарына да осы қыстақта араласқан. 6-7 жас шамасындағы бала қоршауда қалған өңірді құтқармаққа келген әскери бөлімшелердің арасында хат тасушы қызметін атқарған. Өзінің айтуынша, бұл қызметке алғаш рет жауға қарсы оқ атып тұрған зеңбіректер мен штаб басшылығы арасындағы байланыс кенеттен үзілгенде жұмылдырылған. Зеңбірекшілерге берілетін бұйрықтар осы қаршадай баланың қолымен жеткізілген екен. Жарты жылға жуық уақытқа созылған қызу ұрыс қимылдары мен жауға қарсы тұрған адамдардың ерлігінің арқасында Луганск өңірі азат етілген соң, штаб басшылығы Николай баланың ерен еңбегіне, жеңісті күнді жақындатуға қосқан үлесіне ризашылығын білдіріп, оған «полк баласы» деген атақ берген екен. Николай ақсақалдың әкесі Григорий Скороход та соғыс ардагері. Мамай қорғаны түбінде болған сұрапыл шайқасқа бастан аяқ қатысып, жаудың бетін қайтаруға зор үлесін қосқан.



Жеңісті күндер жетіп, бейбіт күндер туған соң, бозбала Николай білім алып, мамандық игеріп, оқу ордасының берген жолдамасымен Қазақстанға жол тартып, қасиетті Маңғыстау жеріне тұрақтаған. Еңбек жолын Маңғыстаудағы өндіріс ошақтарында электірші мамандығынан бастап, қорғаныс өнеркәсібінде, атом өнеркәсібінде, мұнайгаз өнеркәсібінде бас аяғы 54 жыл қызметте болған. Бүгінде еңбек демалысында, Компаниямыздың құрметті зейнеткері. Мұнайлы ауданына қарасты Атамекен ауылында жолдасы Надежда Александровнамен бірге тұрып жатыр.

Жоғарыда айтып өткеніміздей «Үлкенге құрмет – жасқа міндет» шарасын биыл ҰОС ардагерлеріне арнаған болатынбыз. Осыған орай Компания жас мамандар Кеңесі Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерей тойының аталуы қарсаңында «Өзім үшін және сол боздақ үшін» атты акциясын жариялаған болатын. Акция барысында, бұған дейінгі нөмірлерімізде жазғанымыздай, бірнеше түрлі мәдени-көптік шаралар жүргізіліп, сондай-ақ Компания қызметкерлерінің ерікті түрде ҰОС ардагерлеріне көмек ретінде жинап берген 1,5 миллион теңгеден астам қаржысына әр ардагердің жеке мұқтаждығына сай жәрдем жасалды. Мәселен Шарқатбай Қалыбаев, Қайыр Қыдырбаев мен Екатерина Семакиналарға қаржылай демеу жасалса, Өтеген Өзденбаев, Қамқа Үмбеталина мен Виктор Нечаевтардың үйлеріне күрделі жөндеу жұмыстары жасалды.

Ал Николай ақсақалдың үйінде, өз өтініші бойынша, үйін айнала қоршап тұрған дуалы жаңартылып, тозығы жеткен ескі ағаш қоршаудың орнына жасыл түсті сырлы қаңылтырдан су жаңа дуал орнатылды. «Жақсылық қылсаң бүтін қыл» дегенді басшылыққа алып, ауласына ардагерлер тынығатын тапшан орнатылып берілді. Бұдан былай, ардагер атамыз қою қара шайын сол тапшанда отырып ішіп, қонақтарын да сонда, жасыл бақтың ортасында күтетін болады.

Осы орайда, дуал құрылысы жұмысына қосқан үлесі үшін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығына, күрделі құрылыс департаментінің директорлары мен қызметкерлеріне, сондай ақ темірден қақпа, есік және тапшан жасап берген «Жетібаймұнайгаз» ӨБ басшылығына, механикалық цех қызметкерлері Қайрат Жұмағұлов, Асхат Құлсариев, Есен Бердешов мен Нұрлан Жұмаевтарға үлкен алғыс білдіреміз.

**Ғ.Әбдісадық**

# МҰНАЙШЫЛАР КҮНІНЕ ОРАЙ МАРАПАТТАУ



2015 жылғы 18 қыркүйек күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары Жетібай Қуанайұлы Төлеғожаев мұнайшылар күніне орай, Қоғамның тамақтандыруды ұйымдастыру бөлімінің бірқатар жұмысшыларына Маңғыстау облысы әкімінің, «ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамы мен «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Құрмет грамоталары мен алғыс хаттарын табыс етті.

Атап айтқанда, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру бөліміне қарасты №1 Қаламқас қоғамдық тамақтандыру цехының 2-ші дәрежелі асхана жұмысшысы Айсұлу Қосайқызы Кенжебаева Маңғыстау облысы әкімінің Алғыс хатымен, осы цехтың 4-ші дәрежелі аспазы Маусым Жұмабайқызы Қалымқашева және 4-ші дәрежелі наубайшысы Шәмшігүл Елдесбаева «ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамының Құрмет грамотасымен, сондай-ақ қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру бөлімінің №1 Қаламқас қоғамдық тамақтандыру цехының кассирі Светлана Меңдіғалиқызы Тұрниязова «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Алғыс хатымен, осы қоғамдық тамақтандыру цехының 2-ші дәрежелі асхана жұмысшысы Ақтоты Арыстанқызы Ілиясова Құрмет грамотасымен және қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру бөлімі №1 Жетібай қоғамдық тамақтандыру цехының өндіріс меңгерушісінің орынбасары Анаргүл Тілекбайқызы Бабаева да «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Жиналыс барысында Жетібай Қуанайұлы жұмысшыларды мерекелерімен құттықтай отырып, еңбектеріне табыс, дендеріне саулық, бала-шағаларына амандық тілеп, өндірістің өркендеу жолына қосып жатқан үлестеріне шын жүректен алғысын білдірді.

«Ас адамның арқауы» демекші, қыстың қытымыр аязы мен жаздың аптап ыстығында өндірістегі әріптестерінің алдына асын әзірлеп, солардың жайын күйіттеп жүрген аспаз аналар мен қара көз қыздарымыздың мереке қарсаңында еңбектері еленіп, оларды құрметтеп марапаттау құптарлық іс.

**Е. Қонақбаева**

# Құрбан айт – құтты мереке

Құрбан айт – әлем мұсылмандарының ең қасиетті мерекесінің бірі. Ол “ораза айттан” кейін 70 күннен соң басталып, 3 күнге созылады. Мереке Ұлы Меккедегі қажылыққа ұласып, Аллаға арнап құрбандық шалумен аяқталады.

Биылғы жылғы Құрбан айт мерекесі қыркүйек айының 24-26 жұлдыздарына түсіпті. Осы орайда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы жылдағы үрдіске сай, қасиетті мерекенің құрметіне облыстық «Бекет ата» мешітінің жанында өткен мерекелік шараға өз үлесін қосып, қала тұрғындары мен мешіт жамағатына мерекелік дастархан тарту етті.

Компанияның тіккен ақшаңқан киіз үйінің есіктері мерекені тойлай келген барлық тілеулес жандар үшін айқара ашық болды. Кіремін деушілердің ешбіріне бөгет қойылмай, білікті аспаздарымыздың дайындаған тіл үйіретін тағамдары дастархан басына кезек-кезек лег-легімен келіп жатырған меймандардың барлығына бірдей үлестірілді. Облыс әкімі Алик Серікұлы Айдарбаев пен мекеме басшылары Бақыт Алтайұлы Иманбаев, Талғат Хамидоллаұлы Айдинов, Жетібай Қуанайұлы Төлеғожаевтар халықпен мерекені бөлісті.

Қасиетті мейрам күні облыс тұрғындарын құттықтау үшін ат басын мешітке арнайы бұрып келген Алик Серікұлы жиналған жамағатқа жақсы тілегін айтып, ұйымдастырушылар алқасына, демеушілік көрсеткен кәсіпорындарға өз алғысын білдірді.

*13 қыркүйек - Ұлттық Жанұя күні*

# ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

**Қазақ айтса, қалып айтпайды. Көзі жетіп, өз басынан өткеріп, жандүниесімен сезінгендіктен ғана айтады. Сондай сөздердің бірі түбінде үлкен мағына, фәлсафа жатқан «Отан отбасынан басталады» деген сөз. Бір ғұлама «жанұя – мемлекеттің кішірейтілген үлгісі» деген екен, екеуінің байланысы да өте тығыз. Мәселен, жанұя деңгейінде болып жатырған, кейде тіпті елеусіз қалатын құбылыстардың өзі уақыт өте мемлекетке ықпал етіп жататын кезі болады. «Ел боламын десең бесігіңді түзе» деген сөздің де түп негізі осында жатса керек. Сол себепті де салауатты, саламатты, білікті де білімді жандардан құралған жанұя қалыптастыру мемлекет үшін «ауадай» қажет. Сондықтан, қолда барды қадірлеп, өзгелерге үлгі етіп, насихат жұмыстарын жандандыра түсу үшін Елбасымыз «жанұя күнін» мереке ретінде атап өтуді бекіткен болатын.**

Осы орайда, елімізде қыркүйек айының екінші жексенбісінде тойланатын «жанұя күні» мерекесіне орай Компаниямыздың мақтаныштарының бірі, өндіріс пен өнердің байрағын қатар көтеріп жүрген Талғат Жакупов замандасымыздың отбасында болып қайттық. Енді өздеріңізді осы бір өнерлі жанұяның тыныс-тіршілігімен жақынырақ таныстыру үшін отағасымен болған сұхбатты ұсынғалы отырмыз.

**- Талғат, армысыз! Біріншіден мерекенің қарсаңында, уақытыңыздың тығыздығына қарамастан, кездесіп, сұхбат беруге келісім бергеніңізге өз атымнан, оқырмандар атынан да алғыс айтқым келеді. Енді оқырмандар қауымына өзіңізді, сондай ақ жанұяңызды таныстыра кетсеңіз?**



- Алдымен барлық әріптестерімді алда келе жатырған «жанұя күнімен» шын жүректен құттықтағым келеді. Баршаңызға бақыт тілеймін.

Енді, өзім жайлы айтар болсам, осы Маңғыстау өңірінің, Жетібай ауылының тумасымын. Қарапайым жанұяда – мұнайшылар отбасында 1977 жылдың 17-маусымында дүниеге келдім. Әкеден жалпы алтаумыз, төрт ұл және екі қыз. Мен ортаншысымын. Әкем Алдаберген Қасымұлы Жакупов, анам Роза Әліпқалиқызы Нұрғалиева, екеуіде қазір еңбек демалысында. Осы Маңғыстау мұнайын игеру жолында ұзақ жылдар еңбек етіп, тер төккен жандар. Бауырларым да негізінен осы мұнайгаз саласында қызмет етеді. Үлкен жанұям міне осындай.

Балалық шағым да, бозбала шағым да түгелдей осы Жетібай кентінде өтті. Мектепті де сонда бітірдім, еңбек жолына да алғаш сонда орналастым, бүгінде айнымас серігім болған өнер жолына да сол Жетібайда аяқ бастым.

Еңбек жолымды 1994 жылы, мектеп бітіргеннен кейін, «Маңғыстаумұнайгазға» қарасты күрделі құрылыс департаментінде ағаш шеберінің көмекшісі болып бастадым. Мектептен кейін оқуға түсетін мүмкіндік болмады, жасыратыны жоқ, өзіңіз де білесіз ғой, мемлекеттің аяғына жаңа тұрып келе жатырған кезі, қаражат, азық-түлік тапшылығы сезілген, бір қиын кезек болды емес пе?! Сондықтан жұмысқа кіріп, жанұяның қамына араласуға тура келді. Содан 1995 жылы әскер қатарына шақыртылып, екі жыл отан алдындағы борышымды өтеп, әскери қызметте болдым да, ауылға оралған соң бұрынғы жұмысыма қайта келдім. Қазір, жарты жылға жуық уақыт болып қалды, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының №1 мұнай және газ өндіру кешенінде оператор болып қызметте жүрмін. Әрине, бұған сай білімім де бар, әскерден оралған соң Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы мұнайгаз институтына түсіп, «Мұнайгаз кенорындарын игеру» мамандығын игеріп шыққан болатынмын.



**- Жанұяңыз туралы біраз ақпарат алдық, қазақтың қарапайым жұмысшы жанұясының баласы екенсіз. Ал өнер жолына қалай қадам бастыңыз?**

- Музыкаға, өнерге деген құштарлық маған анамның сүтімен, әкемнің қанымен келген десем де болатын шығар?! Менің жанұямның бір ерекшелігі – бауырларым да әке-шешем де музыкаға бір табан жақынбыз. Әкем жас күнінде, қазіргі «ОСК», ол кезде «ЖУТТ» мекемесінің жанынан құрылған вокалды-инструменталды ансамбльде өнер көрсеткен. Анам домбыраны жақсы меңгерген, ертеректе, ауылда музыка мектебі жоқ кезде, ауыл балаларына домбырадан сабақ та берген. Осындай өнерлі адамдардың баласы болып туғаннан кейін менің де музыкаға құштар болғаным, меніңше, заңдылық сияқты... «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демей ме?

Бір кездері жанұялық ансамбль болып сахналарға да шығып жүрдік. Алайда, «бірге тумақ болса да, бірге жүрмек жоқ» дегендей, қыздар тұрмыс құрып жат жұртқа кетті, біз де жанұялы болып, бала-шағанының қамына кірісіп кеттік.

Әншілікке деген алғаш қадамдарымды бастауыш сыныптарда жүргенде жасадым. Содан ауданаралық, қалалық, республикалық түрлі сайыстарға қатыстық, жүлделі орындар да болды. Күні бүгінге дейін солай ғой енді, екі-үш айда бір рет міндетті түрде сайыстар, конкурстар болып тұрады. Соңғысы өткен айда інім Саламат екеуіміз қатысып келген – Ақтөбе қаласында өткен батыс аймақ бойынша жанұялық ансамбльдер арасындағы сайыс болды. Төрт облыстың атынан қатысқан отыздан астам өнерпаздардың арасынан жүлделі үшінші орынды иеленіп келдік.

**- Бәрекелді. Құтты болсын! Сайыстар - шыңдалудың бірден бір тәсілі ғой. Енді айтыңызшы, өндіріс пен өнерді қатар алып жүру қиын емес пе? «Екі қайықтың басын ұстаған суға кетеді» деп жатады, сіздің жағдайыңыз қалай?**

- Орынды сұрақ әрине. Өнер деген менің табиғатымнан бірге туған жанымның айнымас серігі, саябағы. Бүгінгі күні қолда барымның бәрі осы өнердің арқасында деп білемін. Ел таниды, халықтың қошаметіне бөленіп жүрген жайымыз бар. Ал өндірістегі қызметіме тіптен зияны жоқ, керісінше бірін бірі толықтырып жүреді. Күндіз өндірісте шаршасам, кешке домбырамды қолыма алып, Абай атамыз айтпақшы «құлақтан кіріп бойды алар әсем ән мен тәтті күйге» елігіп бір дем алып қаламын. Меніңше әр бір адамның өмірі толыққанды болуы үшін жаны сүйетін қосымша ісі болуы тиіс, мейлі ол материалдық жағынан кіріс әкелмесін, бірақ жан тыныштығын сыйлауы қажет. Онсыз адам жан дүниесі толық болмайтын секілді, іші бос құмыра іспетті болады деп ойлаймын. Әрине, кейде концерттерге қатысу үшін жұмыстан сұрануға тура келеді... Осы орайда компания басшылығына, өндірістік басқарма және өзім жасайтын кәсіпшілік басшылығына маған деген оң көз қарастары үшін ерекше алғысымды білдіргім келеді. Қинамайды, жіберіп тұрады, есесіне жұмысқа қайтып келгесін мен де жігерлене кірісемін қызметіме, есесін қайтаруға жанымды саламын. Бүгінгі дейін «суға кететіндей» қиындықтар болған жоқ. Бәрі де адамның ерік-жігеріне, жауапкершілігіне байланысты ғой. Мен үшін бастысы осы өндірістегі қызметім, осы жерден өсіп, жетістіктерге жетсем деймін.

**- Тамаша. Демек «қалауын тапсаң қар жанар» деген сөздің жаны бар екен ғой. Екеуіде оңай кәсіп емес, дегенмен қиыннан қиыстырып, жолыңыздан жаңылмай келесіз, оның өзі бір ғанибет. Тәке, енді өзіңіздің кіші жанұяңыз туралы айта кетсеңіз? Жанұядағы ұстанымдарыңыз, бала тәрбиесіне деген көз қарасыңыз қандай?**

- Шаңырақ көтеріп, еншімді алғаныма биыл 17 жылдың жүзі болды. Жолдасым Өрбекова Бақтыгүл, денсаулық сақтау саласында қызмет етеді. Олжас, Айгерім, Айдын деген үш балам бар. Үлкен ұлым Олжас биыл кәмелетке толды. Өзіндік көз қарасы бар, ақыл тоқтатқан, қолғабыс болып, жанұяның қамына араласып жүрген жас жігіт. Өнерден де құр алақан емес, домбыраны әжеп-тәуір меңгерген өнерпаз, өзіммен бірге сахналарға шығып, ән де айтып жүр бұл күндері. Қызым да, кіші ұлым да ағаларына, әкелеріне тартқан! «Музыка» десе ішкен асын жерге қояды. Мен де солай болуын қалаймын. Өзіміз кезінде пайдасын біле тұра ескермей, қолымызды мезгілінен кеш сермедік. «Балаларым сол қателіктерді жібермесе екен» деймін. Шама-шарқым жеткенше, өздері қарсы болмаса, үлкен сахнаға шығаруға тырысамын, жұмыстанамын.

Тәрбиеге келер болсақ, мен өзімді «қаталмын» деп айта алмаймын. Бізді әке-шешеміз қаталдықпен, я таяқпен тәрбиелеген жоқ, құшағына қысып, жақсы сөзін айтып, ақылмен тәрбиеледі. Бір ғұлама «балаларыңды тәрбиелеп әлектенбеңдер, өздеріңді тәрбиелеңдер, өйткені балаларың қайткенде де сіздерге ұқсап өседі» деген екен. Біздің «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегенге саяды. Сондықтан мен де ең әуелі үлгі болуға, өнеге көрсетуге тырысамын. Содан соң талап етемін...

**- Керемет ұстаным екен Талғат. Асыл Пайғамбарымыз да (с.а.с.) «өзің істемегенді өзгеден талап етпе» деп ескерткен екен. Сұхбатыңызға рахмет. Жақсы әңгіме болды. Енді әріптестеріңізді осы бір жарқын мерекемен құттықтап, ыстық ықыласыңызды жолдасаңыз...**

- Рахмет. Жанұя – қоғамның негізі. Қоғам – мемлекеттің негізі. Сапалы азамат тәрбиелемей, сапалы жанұя қалыптастырмай елдің өміршеңдігіне туатын қауіптің сейілуі екі талай. Елбасымыздың «жанұя күні» деп арнайы күнді рәсімдеуінің сыры да осында жатқан болар. Жанұялық құндылықтарды жандандыру, қалыптастыру барша қазақстандықтардың асыл мұраты болуы тиіс. Осы орайда, әріптестерімді мерекемен құттықтай отырып, Елбасымыз айтқандай «қазақ үшін Қазақстаннан басқа жұмақ жоқ», сол себепті туымызды жығып алмауға әрекет етуге шақырамын.

**- Рахмет! Ел аман, жұрт тыныш болсын!**

**Ғ.Әбдісадық**

# ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕНГЕН...




Қыркүйектің 25-ші жұлдызында Н.Жантөрин атындағы облыстық драма театрында елімізде жыл сайын атап өтілетін Еңбек күніне арналған салтанатты жиын болып өтті. Мейрамның құрметіне орай, жұмысшылар кәсібін насихаттау және жұмысшы әулетіндегі көпжылдық дәстүрді нығайтуды ұстанған, өз мамандықтары бойынша үздік деп танылған маңғыстаулықтар облыс әкімдігінің атынан Құрмет грамоталары мен Маңғыстау облысы әкімдігінің Алғыс хаттарына ие болды.

Мемлекет басщысының тапсырмасы бойынша қыркүйек айының соңғы жексенбісінде аталып өтетін Еңбек күні мерекесі осымен екінші жылы тойлануда. Бұл атаулы күнге байланысты аймақтық «Еңбек жолы байқауы» ұйымдастырылды.

- Адам мен қоғам үшін еңбектің алатын орны ерекше. Еңбек ету - адамзаттың басты шарты. Елбасы Н.Назарбаевтың 2013 жылғы Жарлығымен бұл күнді тойлап келеміз. Бұл шараның басты мақсаты - жас ұрпаққа еңбек династияларын мақтан тұтып, ардагерлерді үлгі ету. Бүгінде облысымызда экономикалық белсенді тұрғындардың саны 280 мыңды құраса, олардың 60 мыңы тау - кен саласында, 30 мыңнан астамы құрылыс пен өңдеу бағытында тер төгуде. Баршаңызды еңбек күнімен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге жеміс тілеймін,- деді облыс әкімінің бірінші орынбасары С.Алдашев.

Салтанатты шара барысында С.Алдашев өңірде ұрпақтар сабақтастығы дәстүрін жалғастырып, еселі еңбек етуімен көзге түсіп жүрген бірнеше әулетті және өз кәсібінің үздіктерін Құрмет грамотасымен марапаттады. Олардың арасында «қара алтынды» игеруді кәсіп еткен: Адам ресурстарын басқару департаментінің еңбек бөлімі және ақы төлеу бастығының орынбасары Р.Садыров, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының слесарь-жөндеушісі А.Нұрболғанов, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасынына қарасты мұнай және газ өндіру цехының операторы Н.Төлеғожаев, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының слесарь-жөндеушісі І.Таңжарықов, орталық өндірістік қызмет көрсету қызметінің электрдәнекерлеушісі Р.Құдайбергенов сынды «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының мұнайшылары да бар болатын.

- Бұл салада қызмет етіп, мамандығымның қыр - сырын меңгергеніме 20 жылдай болды. Еңбегімді елеп, мереке аясында марапатқа ұсынған мекеме басшыларына, ұжым мүшелеріне және осы шараны ұйымдастырушыларға ризашылығымды білдіріп, алғысымды айтамын. Денсаулықтарыңыз мықты боп, атқарған кәсібіңіздің несібесіін көре беріңіздер,- дейді марапат иесі электрдәнекерлеушісі Рахман Құдайбергенов.

Адал еңбек етіп, қатарынан оза шыққан өз ісінің майталмандарына біз де толағай табыстар тілеп, құтты болсын айтамыз!

**Айсұлу Мұханова**

*Әлеуметтік қолдау басты назарда*

# АДАМ КАПИТАЛЫ – БАСТЫ БАЙЛЫҚ



Әлем экономикасындағы мұнайгаз секторының даму тарихының қиын кезеңін бастан кешіріп отырған кезде осы салаға қызмет көрсететін компаниялардың сын сағаттан мүдірмей өтуі оңай емес.

Бәрімізді алаңдатып отырған қаржылық, экономикалық дағдарыс жағдайында «Oil Construction Company» ЖШС жұмыс қарқынын бәсеңдеткен жоқ, сонымен қатар компания өзінің қызметкерлері алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін абыроймен көтеріп келеді. Бірінші кезекте әрдайым өз қызметкерлерімізге лайықты еңбек жағдайын жасау міндеті тұрады.





Осы орайда жақында ғана «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ 259 457 780 теңге инвестиция құйған тендерді жеңіп алған «Кереге Алатау өндірістік компаниясы» ЖШС Қаламқас кен орнында жатақханада орын жетіспеушілігін көріп жүрген Қаламқас құрылыс-құрастыру мен Көлік және арнайы техника қызметтері қызметкерлеріне арналған жаңа сэндвич-панельден жасалған жылжымалы жатақхананы пайдалануға берді. Бұл нысанның ашылу салтанатына «ҚазМұнай-Газ» ҰК» акционерлік қоғамы Әлеуметтік саясат департаментінің директоры Еркін Мағауұлы Рахымбердиев, «ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамының төраға кеңесшісі Мұханбет Жұманазарұлы Көпеев, «ОСС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Ибрагим Жақсымбетов, «ОСС» ЖШС қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әмин Елеусинов қатысып, құттықтады. Салтанатты лента қию құрметіне кеңесші Мұханбет Көпеев пен еңбек ардагері, Қаламқас құрылыс-құрастыру қызметінің слесарі Көшербай Әлмұратов ие болды.

Бұл бір қабатты ғимараттың ерекшеліктері көп. Сэндвич-панельден құрастырылған модулді қонақ үй тұрпатты жатақхана барлық заманауи талаптарға сай жасақталған. «Кілтке дейін» дегендей, барлық құрал-жабдықтарымен пайдалануға берілді: ортопедиялық кереует төсек-орнымен және басқа жиһаз, тоңазытқыш, сплит-жүйесі дайын. Кілем төселген жайлы ұядай бөлмелер және демалысқа арналған кең зал жайнап тұр. Әр бөлмеде Отау-ТВ қосылған теледидар орнатылған. Жылу жүйесі, дәліздегі бейнебақылау орталыққа қосылған, ыстық және салқын су келіп тұр, жуыну бөлмелерінде тұрмыстық қолдануға кір жуғыш машиналар жұмыс істеп тұр. Жатақхана ауласы жарықтандырылып, абаттандырылған, волейбол алаңы да пайдалануға дайын.



Сондай-ақ, 220 адамға арналған екі ауысымға есептелген санитарлық торапқа қосылған жаңа киім ауыстыру орны пайдалануға берілді.

Компания тек қызметкерлердің ғана емес олардың отбасы мүшелерінің де денсаулығына бейжай қарамайды. Жаз кезінде Алматы облысының «Спутник», «Тау самалы», «Арман дала», өз қаламыздағы «Шипагер» сауықтыру орындарында жалпы саны 352 бала демалып, сауықтыру шараларын қабылдады.

Компания қызметкерлеріне «Халық СК Казахинстрах» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сақтандыру компаниясы арқылы медициналық көмек көрсету және ұйымдастыру құқығына лицензиясы бар «Медикер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қызмет көрсетеді. Қызметкерлердің екі отбасы мүшесіне де толыққанды медициналық көмек көрсетіледі. Ал одан артық отбасы мүшесін қосқысы келсе, 20 000 теңге ғана төлеп, оның жыл бойы медициналық қызмет алуына болады. Сонымен қатар туристік сапармен шетелдерге шыққан қызметкерлердің денсаулығы да қамсыздандырылады.

Қызметкерлердің мектеп жасындағы балаларының әрқайсысына жылдағы үрдіс бойынша 10 айлық есептік көрсеткіштен 1780 оқушыға материалдық көмек берілді.

Жыл аяғына дейін қызметкерлердің студент балаларының оқу ақысына және көмекке аса зәру қызметкерлерге, мүгедек балалары бар қызметкерлерге көмек беру мәселелері комиссияда қаралып, шешіледі.

“Тәні саудың жаны сау” демекші, салауатты өмір салтын ұстанған жастарымызды біз қашанда мақтан тұтамыз, болашағына үмітпен қараймыз. Жастар да сенімнен шығып, күні кеше «ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамының бастамасымен Мұнай-газ кешені қызметкерлері күні мерекесіне орай өткізілген Жазғы спартакиаданы мол олжамен қорытындылады. Атап айтсақ, шағын футболдан 2-орын, баскетболдан 1-орын, әйелдер арасында үстел теннисі мен дойбыдан 1-орын (Р.Исламғалиева), тоғыз-құмалақтан 1-орынды (М.Қылышов), жеңіл атлетикадан эстафеталық жарыста 1-орын иеленіп, диплом және ақшалай сыйлықты қанжығаларына байлады.

Жоғарыдағы аталған мұнайшылардың төл мерекесіне орай жылдағыдай тамыз айында «Өз мамандығының үздігі» байқауы өтті. Жетекші жұмысшы мамандықтар арасында қызметкерлер өздерінің кәсіби шеберлігін өндірістік буын және жеке есеп бойынша сарапқа салды. Байқау «Үздік бетондау жұмыстарын жүргізуші буын», «Үздік болат құбыр құрастырушы буын», «Үздік электр құрастыру жұмыстарын жүргізуші буын», «Үздік сыршылар буыны» және «Үздік автогрейдерші» деген 5 номинациямен жүрді. Бетоншылар арасынан 1-орынға Г.Агишанов, Ж.Ескелді, А.Үрпеков (ӨҚБ), 2-орынға К.Себепов, Г.Бекмұрадов, Э.Көшшиев (ЖҚҚҚ), 3-орынға Ж.Жолдасов, Б.Әнетов, А.Ыбыраев (ҚҚҚҚ), құрастырушылар арасынан 1-орынға М.Шырақбаев, М.Хасанов, Е.Қасабаев, А.Нұрдәулетов (ЖҚҚҚ), Ж.Дүрмеков (КжАТҚ), 2-орынға Г.Досанов, М.Ізмағанбетов, А.Беканов, Е.Қазақбаев (ҚҚҚҚ), А.Ермеков (КжАТҚ), электр құрастырушылар арасынан 1-орынға Т.Юсупов, Ж.Оңаев, М.Қамысбаев, Ж.Қосуақ (ҚҚҚҚ), А.Құрбанов, Е.Жұмағазин(КжАТҚ), 2-орынға А.Қаржаубаев, А.Көшбаев, С.Маджитов, Қ.Қарабалаев (ЖҚҚҚ), А.Бекбалаев, К.Мырзаев (КжАТҚ), 3-орынға О.Түрекеев, Д.Өткелбаев, Р.Тоқаев, Т.Маштанов (ЖҚҚҚ), А.Тоқбаев, С.Медетов (КжАТҚ), сыршылар арасынан 1-орынға А.Махамбетов, А.Налыхова, Ж.Өтегенова (ЖҚҚҚ), 2-орынға Ж.Райымбердиева, А.Нәубетов, А.Жұбанов (ҚҚҚҚ), 3-орынға Ж.Мәзенова, А.Махмудова, А.Қуанбаева (ЖҚҚҚ) ие болды. Ал жеке есеппен автогрейдершілер К.Қайырбаев 1-орынды, С.Атабаев 2-орынды, О.Жолбаев 3-орынды иеленді. Жүлдегерлер жыл бойы алған орыны бойынша айлық жалақысына 30%, 20%, 10% үстеме ақы алып отыратын болады. Байқау өткізілетін мамандықтар жылда өзгеріп тұрады, сондықтан барлық мамандық иелерінің оған қатысуға мүмкіндігі бар.

Сүйікті мереке қарсаңында облыстық филармония залында салтанатты жиналыс өткізіліп, жүлдегерлер ұлықталды, мекеме қызметкерлері жергілікті өнер саңлақтарының концертін тамашалады.

Еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесіне Қаламқасмұнайгаз сервистік компаниялары ішінен бірінші болып көшкен компаниямызда жалақы деңгейі жоғары, сондықтан бұл жөнінде ешкімнің талабы жоқ. Қазір жалақысы көп тұрақты жұмыс табудың қиын кезінде адамдар «ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдарындағы жұмысын бағалап, одан айырылып қалмау қамын жасау керек екенін жақсы түсінеді. Компания бүгінгі таңда жұмыс көлемімен толықтай қамтылған. Штат кестесін қысқарту болған жоқ. Экономиканың қозғаушы күші адам факторын басты назарда ұстай отырып, «ОСС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұжымы Елбасы Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына жолдауында көрсетілгендей, компания қызметін кәсіпқор мамандар отбасыларының әл-ауқатын, қауіпсіздігін, тұрақты жұмысын, жалақысын және ертеңгі күнге деген сенімін қамтамасыз етуге бар күшін салуда. Нақты міндет – барлық әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемде қамтамасыз етудің үдесінен шығатынымызға сенімдіміз.

**А.Есбосын**
**«Oil Construction Company» ЖШС**

# ӨЗ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ҮЗДІГІ








"Oil Services Company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мекемесінде жыл сайын "Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні" қарсаңында "Өз мамандығының үздігі" сайысын өткізу үрдіске айналған. Биыл да осы сайыс өз деңгейінде өтті. Мекеме басшысының бұйрығымен комиссия құрамы бекітіліп, әуелі "Жетібай-Сервис", "Қаламқас-Сервис" өндіріс аймақтарында, өз цехтарының арасында алғашқы сайыс өтіп, одан іріктелген командалар ақтық сайысқа жолдама алды.

Жолдама алған «Қаламқас-Сервис» және «Жетібай–Сервис» өндірістік басқармаларының ұңғыларды жер асты жөндеу, күрделі жөндеу және бұрғылау цехтары Жетібай кенорнында сайысқа түсті. Үздік бірінші орынды жеңіп, өздерінің білікті, өз кәсіптерінің шебері екенін көрсеткен «Жетібай-Сервис» өндірістік басқармасына қарасты Жәнібек Масалимов бригадасы болды. «Қаламқас–Сервис» өндірістік басқармасына қарасты Сағымбаев және Тумаев бұрғылау бригадалары екінші, үшінші орындарды иеленді.

Ұңғыларды жер асты жөндеу және күрделі жөндеу цехтары арасында Н.Имағанбетов пен Д.Қалдыбаев бригадалары үздік орындарға ие болды. Сонымен қатар бұл жарыс дәнекерлеушілер, электр-жөндеушілер, темір жонушылар, слесарь-жөндеушілер арасында Ынтымақ елді мекенінде орналасқан «Өндірістік қызмет көрсету орталығында» өтті. Әрбір маман белгіленген уақытта сайысты межесіне жеткізіп өздерінің шеберліктерін көрсетті. Айта кетер болсақ К.Кенимджанов, Б.Қайнаров, Р.Есмағамбетов, К.Ақбатыров, А.Қолқабаев және Н.Жакузов сынды жұмысшылар бірінші жүлделі орындарды иеленді.

Осындай жыл сайынғы үрдіске айналған жарыстар жалғасын тауып, жұмысшылардың ынталарын арттырып, еңбектерін жемісті, табысты етеріне сенімдеміз.

**"Oil Services Company» ЖШС**

## СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# ЕҢБЕГІ ЖАНҒАН ЭНЕРГЕТИК



Еліміздің энергетикалық қуатын арттырып, өлкемізде өндірілетін мұнайдың 40 пайызынан астамын, отандық мұнай өндірісінің 11 пайызын қамтамасыз етіп отырған «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының мерді-герлерінің ішінде «Маңғыстау-энергомұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің алар орны ерекше.

20 жылға жуық еңбек өтілі бар іргелі серіктестігімізді жоғары кәсіби білімді, бай еңбек тәжірибесі бар, ұжым қызметін атқаруда шебер біліктілігімен көзге түсіп, өндірісте заманауи озық инновациялық тәсілдерді колданып жүрген энергетик, серіктестік директорының перспективалық және әлеуметтік даму жөніндегі орынбасары **Нұрдәулет Рахымұлы Қосбаевтың** әріптестері арасындағы алар орны ауқымды.

Мұнайлы өлкеде дүниеге келген ол Алматы энергетикалық институтын ойдағыдай бітіріп, еңбек өтілін 1987 жылы «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігінің Қаламқас кенорнында электромонтер болып бастады. Н.Қосбаев өзінің іздемпаздығының, қызметке деген жауапкершілігінің арқасында желілік аудан бастығы, жөндеу – прокаттау цехының бастығы лауазымдарына дейін көтеріліп, 1996 жылы «Маңғыстауэнерго-мұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылғанда осы ұжымға бас инженер болып тағайындалды. Жаңадан құрылған ұжымның құрылымдық бөлімшелерін құру, кенорындарындағы техникалық базаларды жасақтау, ұжымның кәсіби мамандарын іріктеу сияқты басқа да көптеген жауапты шаруаларды атқаруда ерен еңбегімен еленді.

Кенорындардағы апатты өндірістік жағдайларды дер кезінде техникалық жағынан шешуде нақты шешім қабылдаудың, жұмыс-шыларды сақтандыра отырып тығырықтан шығудың ұтымды жолдарын көрсете білетін білікті жетекші ретінде ол серіктестікті даму кезеңінің қиыншылықтарынан шығынсыз өткізе білді.

Ол өзінің мол еңбек тәжірибесін кіші буын әріптестеріне жалықпай үйрете білетін ұстаз. Қазіргі интернет желісі жүйесін пайдаланып, кен орындардағы ескі қолданыстағы электр желілері мен электр қондырғыларды, жаңа, соңғы техника жетістіктеріне сай қондырғылармен алмастырды. Оларды күнделікті қызметте қолданып, еңбек тиімділігін арттыруға зор үлесін қосты. Оның табанды еңбегінің нәтежесінде Қаламқас, Жетібай кенорындарындағы 6 кВ тарату пункттеріндегі майлы айырғыштар вакуумдық айырғыштарға, релелік қорғаныс құрылғылары микропроцессорлық қорғаныс құралдарына толығымен ауыстырылып, Қаламқас кенорнындағы 35 кВ қосалқы станцияларының 35 және 6 кВ тарату қондырғылары да соңғы техникалық жетістіктеріне сай электр жабдықтармен жабдықталды. Сондай-ақ Н.Қосбаевтың басшылығымен КРУМ-35кВ, КРУН-6кВ тарату қондырғылары, Қаламқас, Жетібай кенорындарындағы 6 кВ тарату пункттері, 35 кв қосалқы станциялары және де жедел-реттеу қызметтері СДТУ және АСТУЭ желілерімен жабдықталды. Кенорындарындағы электр энергиясын ұтымды да, үнемді пайдалану үшін, Солтүстік Қарақия кенорнында 110 кв, Жетібай кенорнындағы 35 кв «УСГ» қосалқы станцияларын салуда атқарған жетекшілік еңбегі зор.

Нұрдәулет Рахымұлы 2010 жылдан бері серіктестік директорының әлеуметтік және даму жөніндегі орынбасары қызметін атқарып жүрген кезінде Жетібай кенорнында 54 орынды жұмысшы қызметкерлер жатақханасы мен Жетібай және Қаламқас кенорындарындағы электрмен арнаулы техника жабдықтарымен жөндеу жұмыстарын атқаратын жұмысшы ангарлар құрылысын уақытында іске қосуда өзін іскер маман ретінде көрсете білді.

Серіктестіктің жыл сайынғы қазыналық бюджетін жасақтауда, оның тиімді қолдануын қамтамасыз етуде озық экономистік шеберлік көрсете білетін Н.Қосбаевқа мекемеміздің экономист және есепші мамандары зор ілтипатпен қарайды. Ағымдағы күрделі жөндеу істерін жоспарлауды, оларды ұтымды қаржыландыруды өзінің төл қызметіне айналдырған ол өз әріптестерінің белгіленген шараларды дер кезінде орындауларын үнемі қадағалап отырады.



*ГТЭС-тің іске қосылу сәтінен көрініс. Суретте солдан оңға қарай: Н.Қосбаев, Маңғыстау облысының әкімі А.С.Айдарбаев, "Маңғыстаумұнайгаз"АҚ бас директордың бірінші орынбасары Б.А.Иманбаев 2014 ж. қазан айы.*

Қаламқас кенорында 45 МВт газ-трубиналық электр станциясы пайдалануға берілген кезде Н.Қосбаевтың жоғары білімділігі мен біліктілігі, үлкен жауапкершілігі айқын көрінді. Осындай және осыдан басқа да серіктестік қызметтерін үйлестіре дамытып отырған іскер жетекші мәуелі шаңырақтың діңгегі, 5 баланың өнегелі әкесі. Бақытын еңбегінен тапқан ұлағатты әке өз ұрпақтарын зейінді оқуға, аянбай еңбек етуге тәрбиелеуде.

Энергетика саласында күндіз – түні тыным таппайтын, өзінің бойындағы қабілеттерін жас буынға үйрете білетін майталман энергетик еңбегін барлық ұжым мүшелері мақтанышпен айта алады. Алдағы уақытта да бойында іскерлігі мен іздемпаздығы мол аға буынды бұл азаматтың алар асулары көп екеніне еш күмәніміз жоқ. Сөз соңында, өз ісінің шебері атанған әріптесімізге ғұмырлы өмір, зор денсаулық, шаңырақ амандығы мен қуанышын тілейміз.

**Н.Кулекешов,**
**«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС әлеуметтік-әкімшілік тобының жетекшісі**

# ДОВЕРЬСЯ ПРОФЕССИОНАЛАМ



Системы охранно-пожарной сигнализации (ОПС) используются сегодня практически на всех объектах. Задача ОПС – своевременное определение факта несанкционированного проникновения на охраняемый объект или обнаружение места возгорания и подача сигнала тревоги. Более того, по команде ОПС автоматически сработают системы дымоудаления, и начнётся тушение пожара, если данная функциональность предусмотрена проектом.

Структурное подразделение ТОО «Мунайтелеком» - цех монтажно-строительных работ (ЦМСР) организован в 2008 году. ЦМСР оказывает услуги по проектно-изыскательным, монтажным и пуско-наладочным работам по оборудованию охранно-пожарной сигнализацией объектов подразделения АО «Мангистаумунайгаз», ТОО ОСС, ТОО ОСК, ТОО ОТК, ТОО МЭМ, ТОО НПЦ, ТОО ЗСПТ. Также с целью поддержания работоспособного состояния установок в процессе эксплуатации ЦМСР проводит техническое обслуживание средств охранно-пожарной сигнализации на объектах производственных подразделений АО «Мангистаумунайгаз», путем периодического проведения работ по их профилактике и контролю технического состояния. Для определения технического состояния цех ежемесячно проводит проверку работоспособности средств охранно-пожарной сигнализации путем контроля выполнения техническими средствами свойственных им функций, определенных назначением.

Цех МСР возглавляет Сарсенбаев Мейрамбай Бакитбаевич – руководитель, который обеспечивает эффективную работу цеха, в соответствии с поставленными задачами и функциями. За восемь лет со дня образования цех МСР укрепил свои позиции по основным показателям деятельности. Благодаря заслугам работников цеха объекты подразделения АО ММГ и ТОО обеспечены системами обнаружения пожара, охранной сигнализацией, надежно защищены товарно-материальные ценности предприятия. Профессионализм и ответственность работников цеха обеспечивают надежную работу систем ОПС, увеличивая качество услуг и техническое обслуживание. Специалисты цеха имеют большой опыт работы в области монтажа низковольтных устройств и обеспечивают высокое качество электромонтажных работ любого уровня сложности. Качество работы охранной системы напрямую зависит от того, насколько правильно было осуществлено проектирование и монтаж ОПС.

Монтаж охранно-пожарной сигнализации требует участия в работе исключительно высококвалифицированных кадров. Наладить чёткое и безотказное взаимодействие всех датчиков системы, гарантированное прохождение сигнала тревоги на пульт управления может только опытный исполнитель. Именно поэтому проектирование, монтаж, подключение, программирование и настройку системы в целом должен осуществлять человек с профильным образованием. Вот некоторые из них:



Айтбатиров Айбол Жауынбаевич – мастер, Джаналиев Рустам Утепкалиевич – электромонтер 6-го разряда и Елемесов Акберген Оспангалиевич – электромонтер 5-го разряда, которые благодаря трудолюбию и профессионализму внесли личный вклад на благо предприятия. Грамотные специалисты, ответственные работники при выполнении производственных задач.

В будущем цех намечает расширить спектр услуг по монтажным работам, т.е. выполнять монтажные работы по автоматизации и модернизации производства и по монтажу оптических и проводных сетей связи. Монтаж производится на основе готовых проектов, либо технического задания, согласованного с заказчиком, на базе которого, производится разработка проектов низковольтных устройств. Монтаж выполняется по современной технологии с соблюдением всех норм государственных стандартов и требований СНИП.

В перспективе цех МСР намечает выполнить совместную работу с ТОО «Урал Ойл энд Газ» по обустройству месторождения Рожковское для опытно-промышленной эксплуатации, расположенного в Западно-Казахстанкой области. Цех МСР выполнит работы по монтажу низковольтных систем и системы автоматизации и сигнализации производственными процессами, которые играют важную роль в процессе обустройства.

Многолетний опыт проектирования, монтажа и обслуживания ОПС дает нам преимущества, которые позволяют четко диагностировать ситуацию, сложившуюся у клиента, выбрать оптимальный продукт и разработать эффективный план по его внедрению.

Для надёжной работы систем ОПС разработку проекта и установку ОПС следует доверять только цеху монтажно-строительных работ ТОО «Мунайтелеком» – профессионалам с большим опытом работы в данной сфере.

**В заключении ТОО «Мунайтелеком» сообщает, что по всем проблемным вопросам, находящимся в компетенции ТОО «МТК» можно обратиться по телефону 211-666 или на эл. адрес info@munaitelekom.kz**

**ТОО «Мунайтелеком»**

# БАЛАЛАР СУРЕТІНІҢ АУКЦИОНЫ







Қыркүйектің 12-жұлдызында мұнайгаз кешені қызметкерлерінің кəсіби мерекесіне орайластырылып жарияланған «Мен мұнайшы баласы...» атты балалар суреті көрмесі өз мəресіне жетті. Шараның нүктесі сурет аукционымен қойылды. Шараға əріптестеріміздің бүлдіршіндерінің қиялынан туындаған қырыққа жуық суреттері тапсырылып, сауданың жалпы құны 100 мың теңгеден асып жығылды. Саудадан түскен қаражат сол суреттердің авторлары – кішкентай шеберлердің жеке өздеріне табысталды. Ең арзан деген сурет 2500 теңге болса, ең қымбаты 10000 теңгеге бағаланды.

- Керемет көңіл күй сыйлаған шара болды. – дейді көрмеге қатысқан балалардың бірінің апасы Ж.Исмұханбетова қуанышын жасыра алмай – ұйымдастырушыларға үлкен алғыс айтамын, өте жоғары деңгейде өтті. Баламның мерейі өсіп қалды, «бірінші табысым» деп кішкентай қаражатын қоярға орын таппай, «келесіде тағы да міндетті түрде қатысамын, бұдан да асырып саламын» - деп отыр.

Расында да, балалардың қуанышында, ата-аналарының ризашылығында шек жоқ, төбелері көкке жеткендей болды. Əке мен ана үшін бала бақытынан, оның жеткен жетістігін көруден асқан қандай ләззат болсын?! Кім білсін, бəлкім осы шимайшылардың арасынан Əбілхандардың ізін басқан, қазақ қылқалам өнерін жаңа деңгейге көтеретін дарындар шығып қалар. Біздің көздеген мақсатымыз да осы - бүлдіршіндердің бойында өнерге деген құштарлықтарын қыздыру.

Сөз соңында шарамыздың жүзеге асуына зор үлес қосқан, суреттерді сатып алып, балалардың көңілін жықпаған Жетібай Қуанайұлы, Нұрсерік Қадірсізұлы, Асқар Беркінғалиұлы, Рүстем Жауымбайұлы, Нұрлан Лазарұлы, Талғат Хамидоллаұлы, Жанар Ізбергенқызы бастаған өнер жанашырларына ұйымдастыру алқасы атынан, жас мамандар Кеңесі атынан зор алғыс айтамыз.

**Ғ.Əбдісадық**





# ЖАСТАР СЛЕТІ

Қыркүйектің 8-12 күндері Астана қаласында «Қазмұнайгаз» Ұлттық компаниясының жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылған жастар слетіне «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жас мамандар Кеңесінің белсенділері Ерболат Ещанов пен Асқар Сабыров қатысты.

Аталмыш шара осымен 2-мəрте өткізіліп отыр. Слетке "Қазмұнайгаз" Ұлттық компаниясына қарасты 30 кəсіпорыннан 84-тен астам мұнайшы жастар жиналды. Зерендідегі «Сұңқар» демалыс кешенінде 3-күнге созылған жастар слеті түрлі тренингтер мен логикалық ойындармен жалғасып, кейіннен барлық компаниядағы жас мамандар Кеңесінің бір жылда жасалған жұмыстарының есебі тыңдалды. Жастардың рухани, мəдени, кəсіби жағынан қалыптасуы мен бүкіл қоғам мүддесіне олардың шығармашылық əлеуетін ашу, жастар саясатын одан əрі жетілдіру үшін атқарылған жұмыстар ауқымды. Еткен еңбек пен төккен тердің нəтижесі айқын.

Ұйымдастырушылар тарапынан аталған шараларға шетелдік мамандардың тартылуы жастардың слетке деген қызығушылығын ұлғайтты. Жиын соңында "Қазмұнайгаз" Ұлттық Компаниясының Басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев жастармен кездесіп, өндіріске енгізілген инновация, еңбек өнімділігін ұлғайту жөнінде бірқатар сұрақтарға жауап берді.

- «Қоғам өзгеруімен бірге адам көзқарасы өзгереді, талап-тілегі күшейеді, белсенділік, білім мен біліктілік, саяси сана жаңа арнаға көтеріледі. Сондықтан да қоғам дамуы процесіне мемлекетімізді қалыптастыратын жас буынның білімділігі мен белсенділігі аса қажет. Жастарға мейлінше қолдау көрсетіп жағдай жасасақ, тəуелсіздігіміздің тұғыры нықталып, егемендігіміздің еңсесі биіктей беретіні сөзсіз» - деп, атап өтті С.Мыңбаев. Сауат Мұхаметбайұлы жас мамандарға сəттілік тілеп, "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының жас мамандар Кеңесіне іргелі істерге ұйытқы бола білгендері үшін арнайы Алғыс хатты табыс етті.

**Жаннат Кемал**



## Өтеген Өзденбаев

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының ұжымы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы есебіндегі зейнеткер, Ұлы Отан соғысының ардагері Өтеген Өзденбаевтың дүниеден озғанына байланысты туған-туысқандарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Өтеген Өзденбаев 1921 жылы Маңғыстау ауданында дүниеге келді. 1942 жылы əскер қатарына шақырылып, Таушықтағы ІІ комсомол шахтасынан аттанған жас жігіт маршал Г.Жуков, батальон командирі С.Филатовтың басқаруындағы 209 атқыштар дивизиясында пулеметші, минометші болды. Жеңісті Берлинде қарсы алған жауынгер Өтеген Өзденбаев, одан соң Жапон соғысына жіберілген жерінен екі арада бітімгершілік орнауына байланысты Амурдағы Комсомольск қаласынан кейін қайтады. Соғыс бітіп, 1946 жылы туған жерге оралғасын, өзінің еңбек жолын Форт-Шевченкода жол салу жұмыстарына араласып, 1960 жылы Жетібай геофизика мекемесінде жұмыс істейді.

1962-1977 жж. КЭ МНГР мекемесіне қарасты Жетібай мұнай барлау экспедициясында бұрғышының көмекшісі, тас қалаушы, жұмысшы, шебер қызметтерін атқарды.

Майдандағы ерлігі мен Украинаны, Белоруссияны азат етіп, Берлинді алғаны үшін І жəне ІІ дəрежелі «Даңқ», «Отан соғысы», «Қызыл ту» ордендерімен марапатталды.

«Отанды сүю иманнан» деген аталы сөзге тоқталсақ, ұлтына адал қызмет етіп, бар саналы ғұмырын өзі түлеген түбектің қарыштап дамуына арнаған Өтеген Өзденбаев сынды абыз ардагерді кейінгі толқын жас ұрпақ еш ұмытпайды. Оның жарқын бейнесі мен қан майдандағы ерлік істері біздің жадымызда мəңгі сақталады.



25 сентября вследствии перенесенного острого ишемического инсульта, скончался наш коллега **Бакытбек Жунусбекович Мубараков**.

Бакытбек Мубараков, работал на нашем предприятии с 4 ноября 2008 года. За время работы в нашем коллективе он показал себя ответственным и исполнительным работником, а также добрым и отзывчивым человеком.

Скорбим в связи с кончиной Бакытбека Жунусбековича Мубаракова и выражаем глубокие соболезнования родным и близким.

**Коллектив Департамента автоматизации, информационных технологий и связи**



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: А.Ақшаева, Е.Қонақбаева, Ғ.Əбдісадық, Ж.Кемалова
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 212-194, 211-938.
Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мəдениет жəне ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куəлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді жəне оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265
Таралымы: 4500

"CASPIY PRINT" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 750750 Тапсырыс: 3096